

«Қаз қонақ» табиғат ескерткіші



«Қаз қонақ» ескерткіші Павлодар облысында, Ертіс өзенінің оң жағасында, Павлодар қаласының солтүстік атырабында, темір жол көпірінен 500 метр оңтүстікке қарай орналасқан. Ескерткішті 1928 жылы мәскеу палеонтологы Ю.А.Орлов ашқан, одан кейін осы жерде 1929-1930 жылдары палеонтологиялық қазба жұмыстары жүргізілді, оның барысында плиоцен-миоцен жастағы ежелгі (қазіргі африка фаунасының ежелгі түрі) су қоректілерінің бірнеше мың сүйектері табылды. Палеонтология институтының археологтары жердің кішкентай бөлігін ашқан кезде 20 бұғы, 40 керік, 130 мүйізтұмсық, 200 гиппарион жылқысы және басқа да жануарлар қалдықтары табылған.

Неоген кезеңінің (25-2 млн.жыл) жануарлар фаунасына бай «Қаз қонақ» палеонтологиялық жерін ашубұрынғы Кеңес одағының барлық палеозоологтарының Кереку өңіріне келулеріне жол ашты, табылған барлық палеоматериал ғалымдармен әкетілді, себебі, біріншіден, Павлодарда ол уақытта өлкетану мұражайы болмаған, екіншіден, палеонтологиялық қалдықтарын зерттеп, сақтайтын ғылыми ұйым болған жоқ.

А.Ю.Орлов бастаған жұмыстар 1960 жылы ҚазССР ҒА зоология институтының палеобиология бөлімінің экспедициясымен жалғастырылды. Ортаңғы және төменгі қабаттарды елеуішпен шаю арқылы омыртқалы хайуандардың үлкен жинағы табылды, олардың ішінде кояндардың, шикылдақтардың, қосаяқтардың, қос мекенділердің және ұсақ құстардың қалдықтары.

Ф.А. Тлеубердина, В.В. Лавров, Л.Л. Гайдученко және т.б. сүйек материалдарын бірнеше рет жинаған. Павлодар тарихи-өлкетану мұражайы қызметкерлерінің көтермелі материалдарды жинастыру арқасында мұражай қабырғасында «Қаз қонаққа» арналған экспозициясы ұйымдастырылған.

1971 жылы 7 желтоқсанда ҚазКСР министрлер кеңесімен әлемге әйгілі палеонтологиялық ескерткіштің маңыздылығы есепке алынып, «Қаз қонақ» табиғи ескерткіші деп жарияланды және мемлекет қорғауына алынды. КСРО құлағаннан кейін, 2001 жылы ескерткіш қайтадан мемлекеттік маңызы бар мәртебесін алды.

Ескерткіш, бірнеше рет қазылса да бүгінгі күнге дейін әлі таусылған жоқ. Жыл сайын Ертіс өзенінің тасуынан және көктемгі су тасқындарының әсерінен жағалық сызық опырылып, осында сүйек қабаттары көрінеді.

Ескерткіште әрдайым Павлодар қаласы мектептерінің оқу сабақтары өткізіледі. Ескерткіш қала шегінде тұруына байланысты, ол Павлодар қаласының тұрғындарымен қатар, қаламыздың қонақтары және туристері жиі келіп тұратын орынға айналған. «Қаз қонақ» табиғат ескерткіші бүкіл әлемге танымал неоген жануарларының ең көп көмілген жері болып табылады.

Ескерткіш орнында қазба кешенін құрумен қазіргі кезде бақ кешенін (ашық аспан астындағы мұражай) құру бойынша жұмыстар жүргізілуде, онда әркім қалауы бойынша ежелгі жануарлардың сүйектерін қазу жұмыстары процесін, сонымен бірге, мүсіндік галереясын байқай алады, ол мүсіндерде сол заманғы жануарлардың негізгі түрлері қайта қалпына келтірілетін болады.

Әдебиеттер:

Молдайып, С.Елеусіз қалған байлық: [«Достық үйінің» фойесінде «Қаз қонақ («Қаздар жолы») палеонтологиялық ескерткішінің көрмесі болып өтті] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 27 тамыз – 6 б. // Шаһар. – 2009. – 27 тамыз. – 6 б.